

МЕРЕЙ



Өнер ордасының өнегесі

Жуырда ел Үкіметінің шешімімен Жамбыл облыстық филармониясына әйгілі ақын, атакты композитор Кенен Әзірбаевтың есімі берілген еді. Бұл жаңалық Әулиеата өңірі үшін үлкен жаңалық болды. Аталған өнер ордасының қабырғасында талай өнерпаз қызмет атқарып, өнер әлеміне жолдана алған. Был Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясына елу жыл толды. Жарты ғасырлық белесті бағындырған өнер ордасы өзінің мерейтойын Тараз төрінде атап өтті.

Хамит ЕСАМАН,
«Егемен Қазақстан»

Мерейтойға Кенен ақынның ұлы Бақытжан Кененұлы мен Төрткен Кененқызы арнайы қатысты. Сонымен қатар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жабал Ерғалиев те келді. Әуелі мерейтой баспасөз мәслихатымен басталды. Мұнда Жамбыл облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Дүйсенәлі Бықыбаев Әулиеата өңірі үшін филармонияның Кенен есімін иеленуі

айтарлықтай оқиға екенін жеткізсе, Төрткен Кененқызы ақын атын ардақтаған халыққа, өнер ордасына ақын есімін беруге атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді. Өзі сөзінде Жабал Ерғалиев Кенен ісі қазаққа ортақ тұлға екенін атап өтті.

Ал Бақытжан Кененұлы ақын атының мәңгі ошаптығын, Кенен атындағы «Шырқа, дауысым!» байқауының тұрақты өткізіліп келе жатқанын тілге тиек етсе, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері, күйші Әбдімомун Желдібаев өнер әлемінде

Кенен кеңістігінің бөлек екенін атап өтіп, Шу ауданы әкімінің құттықтау хатын тапсырды. Өз кезегінде Кенен Әзірбаев атындағы филармонияның елу қызметкеріне Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасы, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты және өзге де марапаттар берілді. Сонымен қатар баспасөз мәслихаты барысында «Ән қанатындағы Әулиеата» кітабы мен «Әуені әсем Әулиеата» CD жинағының тұсауы кесілді. Сонымен қатар Кенен бейнесі салынған кілемше таныстырылды.

Бұдан кейін мерейтойлық шара облыстық филармония өнерпаздарының қатысуымен «Әуені әсем Әулиеата» атты гала-концертпен жалғасты. Мұнда көпшілікке «Жарты ғасыр – жалынды сәт» атты деректі фильм көрсетілді. Кеш барысында Кенен Әзірбаев бейнесі сомдалып,

өндері шыркылып, «Құлақ» күйі тартылды. Ал салтанатты шара кезінде Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Еркәнат Манжуов еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлының құттықтау хатын филармония директоры Сейіткасым Түктібаевқа тапсырды. Бұл ретте ол бірқатар өнерпаздарды облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен және министрдің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Мерейтой кезінде Бақытжан Кененұлы жүрекжарды лебізін білдіріп, Үкілі Ыбырайдың, Ақан серінің елінен келген Жабал Ерғалиевтің ниғына шапан жауып, құрмет көрсетті. Ал Жабал Ерғалиев өз кезегінде Еркәнат Манжуовқа Кеңес Одағының Батыры, жазушы, ғалым Мәлік Ғабдуллин туралы бес томдық кітап сыйлады.

Жамбыл облысы

Шебер мен шәкірттері жаңа театр ашты

КСРО халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, аты аңызға айналған Асанәлі Әшімовтің шәкірттерінен құралған шеберханасы М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының кіші залында алғашқы шығармашылық есебін берді.

«Шеберхана», «шығармашылық есе» дегенімізбен, Асанәлі Әшімовтің шәкірттерінен құралған жаңа театр қауырысын қанатын жайып, өнер әлеміне қанат қаққан күн болды бұл. Кез келген жас театрдың мәңгі өміршен классикадан аттап кете алмайтын ежелгі дәстүрі ескеріліп, өмірге жолдана алған жаңа труппа көпшілікке М.Әуезовтің «Қарагөзін» ұсынды. Премьера алдында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр директоры Асхат Маемиров сөз алып жастарға, жаңа театрға ғасырға қадам басқан қара шаңырақ өнер ордасының атынан құттықтауын жеткізді. А.Маемиров театр өнерінде мұндай тәжірибенің

бұрыннан кездесетінін, мысалы, Мәскеуде «Табакерка» аталып кеткен Олег Табаковтың театр-студиясы, Всеволод Шиловскийдің театры жұмыс істейтінін, әйгілі шеберлердің өз шәкірттерінен труппа жасақтап, спектакльдер қоюы басқа театрларды диалогқа шақырған әдемі қадам екенін атап өтті.

Бұдан кейін Қазақстанның халық әртісі Нүкетай Мышбаева да ұлттың салтына сай жас театрға сәттілік тілеп, көрерменге жағалата шашу шашты.

Шәкірттерінің үлкен сахнадағы өнері мен алғашқы аяқ алысына қуанып, алғысын білдірген ұстазы А.Әшімов келешекте театрдың жеке ғимараты да болуы мүмкін екенін жеткізді.

Бас жүлдемен оралды



Мәскеуде дәстүрлі түрде өтетін «Подмосковные вечера» атты халықаралық театр фестивалінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі театр актері Азамат Сатыбалдының «28 театры» гран-примен оралды. Фестивальға алыс-жақын шетел театрларынан 150 спектакль қатысқан. Ұйымдастыру алкасы үш іріктеу кезеңін өткізіп, соңғы сынақта тек сегіз театрдың қойылымын сарапта салған. Азаматтың айтуынша, идеясы да, тақырыбы да алуан түрлі режиссерлік қолтаңбамен қойылған әр бағыттағы сегіз спектакльдің озығын тану қазылар алқасына оңайға соқпаған. Қазақ елі атынан «28 театры» неміс драматургы Георг Бюхнердің «Войцек» спектаклімен қатысты. Спектакльді жас режиссер Дина Жұмабай сахналаған. Азаматтың театры бұл бөйгеде бас жүлдемен бірге «Ең үздік актерлік ансамбль» деген аталымды да жеңіп алды.

«Войцек» спектаклінде Войцек – Азамат Сатыбалды, Мария – Ажарлым Бақытжанова, Тамбурмажор – Асан Мәжіт, Дәрігер – Данияр Базарқұлов, Капитан – Әли Марат, Нұржан Әбуәбірі

секілді танымал театр актерлері ойнайды. Қазылар құрамында болған КСРО халық әртісі, «Ленкомның» байырғы актрисасы Людмила Шашкина және өзге елдердің белгілі театр сыншылары да Қазақстаннан келген талантты жастардың жұмысына жоғары баға берді. «Бұл Қазақстандағы театр өнерінің жоғары деңгейде дамуының айқын көрінісі», десті олар.

«Войцек» – әлі күнге өзектілігін жоймаған әлем драматургиясының жауһары. Қарапайым кейіпкердің басынан өткен қасіретке толы тағдырын ғасырдан астам уақыт бойы жүздеген режиссер өзінше жырлап келеді. Анасынан адал туған, періштедей пәк ұлды айналдырған бәрі алдады, маңайы мазақ қылды, біртіндеп сатты, ең ақыры тұтастай теріс айналды. Ашыну, жауығу, қызғаныш сезімдері ақыры Войцекті өзін қорлағандардан кек алуға жетеледі.

Қасіретті драманың қазақ театры сахналаған нұсқасының қазылар алқасының назарын аударуына жас режиссердің жанашыл бағытты, өзгеше ой жүйесімен құрған соны пішінді тандағаны себеп болғаны анық.

Француздар көне заманның күмбірін естіді

Жамбыл атындағы филармонияның жанындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің Еуропаға жасаған турнесі зор жетістіктен аяқталды. Францияның онтүстігіндегі Монпельдегі ұлттық опера театрында және Канн қаласындағы атакты Мирамар залында этнографиялық оркестр екі бірдей концерт қойып, талғамды да, талабы да күшті француздарды ұлттық аспаптар сазымен тәнті етті.

«Франциядағы Қазақстан күзі» атты бағдарлама аясында өткізілген гастрольді Қазақстанның Франциядағы елшілігі ұйымдастырған. Сондай-ақ Алматы қалалық әкімдігінің өкілдері Алматы арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың 10 жылдығына да арналып отырғанын айтты.

Қазақтың музыкалық фольклорының ең гажап үлгілерін сақтап қана қоймай, оркестрдің саз-әуез мүмкіндігін жаңа ырғактармен жетілдіріп, байытып отырған «Отырар сазы» оркестрінің шығармашылығымен француз жұртшылығы алғаш рет жақынырақ таныстырылды. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» бағдарламасы оркестрдің ұстанымына тым жақын екені де нағыз еуропалық көрермендер қызықтаған осы кеште анық аңғарылды. Оркестр қазақ пен француздың ең белгілі әуендерін орындаған кезде бас дирижер Динара Тілендиева залдағы көрерменді қолының сиқырлы қозғалысымен, таяқ ұшына ілінген таланттымен баурап, музыка тұңғығына қарай жетелей түсті. Залға қайта-қайта

шақырылған әнші Фархат Кубиев болса жез тандай үнімен француздарға ұзақ-ұзақ шапалақ ұрғызды. Дала дыбысы мен көне замандардың күмбірін жеткізу үшін құрылған «Отырар сазының» домбырашылары мен қобызшылары, сазсырайшылары мен жетігеншілері бірде құстың сайрағанын, бірде тұлпар тұяғының дүбірін, бірде қасқырдың ұлығанын, енді бірде желдің ызыңын шекті және үрмелі саз аспаптарының көмегімен түйдек-түйдек төгілгенде, француздар тым алыстағы бейтаныс елдің тарихы мен тағдырын танығандай күй кешкенін бір-біріне жарыса айтып жатты. Әр концерттен кейін көрермендер дирижерге, әншілер мен ұйымдастырушылардың жанына арнайы келіп, өздеріне жаңа аспаптарды ғана емес, жаңа ұлтты жақын тануға мүмкіндік сыйлағандары үшін рахмет айтып, Қазақстанға сапарлап келгісі келетіндерін жеткізді.

Дайындаған
Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

АЛМАТЫ

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Балеттің балғын болашағы

Елордамыздың еңсесін тіктеп, мәдени бет-бейнесін қалыптастыруда бас шаһар төрінде бой көтеріп, өнердің жаңа тынысын ашқан мәдениет ошақтарының рөлі орасан зор. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен ірге көтерген Қазақ ұлттық хореография академиясы – Астананың 20 жылдық белесті шежіресін берлейтейін сондай өрелі өнер ордalarının бірі.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Ресейдің халық әртісі, есімі әлемге мәшһүр балерина, хореограф Алтынай Асылмұратова жетекшілік ететін бекзат өнер ордасы биыл үшінші оқу жылын бастады. Осыған орай «Астана Балет» театрында Академия оқушыларының тікелей атсалысуымен «Мамандыққа алғашқы қадам» атты жас талапкерлерді оқуға қабылдау құрметіне арналған салтанатты кеш өтті. Айтулы шараға Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы, Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры Алтынай Асылмұратова, белгілі мәдениет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ жас талапкерлердің ата-аналары қатысты.

Мамандыққа алғашқы қадам басу рәсімін мерекелеу – білім алушы балдырғандар үшін міндетті әрі маңызды мәдени шара. Айтулы символикалық іс-шара оқушылардың алдында қандай қажырлы ізденіс пен міндетті күтіп тұрғанын көрсететін жауапты сәт. Дәл осы күні талапкерлер ресми түрде Хореография академиясының оқушысы атанып, балет дейтін сұлу да текті өнердің алғашқы әліпбиін ашады. Кішкентай әртістер кәсіби сахнамен танысып, зал толы көрермен алдында тұңғыш рет Академия репертуарындағы үздік туындыларды орындайды.

Осынау жауапты әрі толқынды сәттегі жас талапкерлердің кеудесін жарып шығардай болып атқақтап тұрған жүрегінің дүрсілі мен қобалжуын көріп, сезіну қиын емес. Балдырғандардың бар ішкі көңіл күйін шексіз үміт пен асқақ арманға толы мұңтаздай мөлдір жанарлары айтып беріп тұр. Қалайша қобалжымасын?! Тек теледидар мен үлкен сахналардан тамсана тамашалайтын әртістердің орнында енді, міне бүгін өздері өнер көрсетпек.

– Құрметті менің кішкентай достарым! Сіздер бүгіннен бастап өмірлеріңізді өнердің ішіндегі ең бір әдемі, ең бір текті, ең бір бекзат өнер – балетке арнап отырсыздар. Армандарыңыздың орындалуына бағытталған алғашқы қадам жасалды:

іріктеу кезеңінен сәтті өтіп, білім алушылар қатарына қабылдандыңыздар. Бірақ мұнымен жұмыс біткен жоқ, алдарыңызда әлі де талай сынақ күтіп тұр. Көп нәрсені танып, үйреніп және ең бастысы еңбекті өмірлік ұстанымға айналдыруларыңыз қажет. Осынау тамаша мамандық барлығыңыздан кәсіпке деген шексіз адалдық пен шынайы да қайтарым күтпейтін риясыз махаббатты талап етеді. Бойларыңыздағы талантты әрі қарай жетілдіріп, тұлғаларыңызды қалыпта ұстау үшін де үнемі жаттығу мен дайындықтан қол үзбеу міндеттеледі. Сонымен қатар сабақты жақсы оқып, сан алуан өнер түріне ынта беріп, әрдайым таным көзжиектеріңізді кеңейту үшін ізденісте жүру, тәртіпті де сыпайы мінез қалыптастыру – балет әртістеріне қойылатын басты талаптардың бірі. Өзге мамандық иелерінен тек қана жақсы қасиет, терең білімдеріңізбен дараланып тұруларыңыз қажет. Себебі балет әртісі – мәдениетіміз бен өнеріміздің бет бейнесі. Білемін, мұның барлығын оңай демеуім. Бірақ балет сонысымен де ерекше ғой. Сахнада тұрып көрерменге өнердің бақыты мен қуанышын сыйлаған сәттегі әртістің ішкі көңіл күйі, эмоциясын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан қиындықтан қорықпаңыздар. Мен сіздерге балеттің үздік маманы атанып, осынау бекзат өнердің шынайы бақытын сезінуді тілеймін, – деді Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры Алтынай Асылмұратова.

Бас шаһар төрінде бой түзген жас та болса жастық жалынымен жаңалықтың жаршысы болып жүрген би өнерінің еңселі ордасы бүгінде алдына ауқымды жобалар мен үлкен мақсаттар қойып үлгерді және оның алғашқы маңызды қадамдары жасалып, тәжірибеге енді.

Қазақ ұлттық хореография академиясы – толық циклді, көп деңгейлі кәсіптік хореографиялық білім беретін Орталық Азиядағы алғашқы жоғары оқу орны. Кәсіби балет әртістерін және қоғамның мәдени, рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін хореографиялық өнер саласындағы жан-жақты жетілдірілген білікті маман даярлап шығуды мақсат

тұтқан оқу ордасының алдында бүгінде үлкен міндеттер тұр. Оның ең негізгісі – әлемдік оқыту стандарттарына сәйкес келетін білім беру әдісінің бірегей моделін құру.

Жалпы, білікті маман тәрбиелеу үшін тек теориялық білімді қанағат тұту жеткіліксіз. Әсіресе хореография саласы ізденушісінен жүйелі түрдегі тыңғылықты тәжірибелік дайындықты талап етеді. Балет өнері үшін аса маңызды осынау білім беру әдісіне мән берген Академия ұстаздары бүгінде «Астана Опера» және «Астана Балет» театрларымен келісімге келіп, шәкірттерінің кәсіби сахналарда шеберлігін шыңдауына мол мүмкіндік сыйлап отыр. Атап айтқанда, 2017-2018 оқу жылында Академия оқушылары мен студенттері жалпы саны 27 спектакльде өнер көрсетіп, көрермен алдына шығуға жолдана алды. Олардың қатарында «Астана Опера» театрының: «Баядерка», «Дон Кихот», «Манон», «Қыз Жібек», «Корсар», сондай-ақ «Астана Балет» театрының: «Шелкунчик», «Жусан», «Жизель» сынды бірқатар үздік қойылымдары бар.

Аталған тәжірибенің барлығы Хореография академиясы талапкерлерін кәсіби тұрғыда жетілдіріп, білікті маман атандыру бағытында жасалып жатқан жүйелі жұмыстардың бір парасы ғана. Бұдан бөлек, жоғары оқу орнының тікелей бастамасымен Академия оқытушылары мен тәрбиеленушілеріне әлемнің үздік білім ордalarına барып тәжірибе алмасуына жағдай жасалып, кәсіби біліктілігін арттыру бағытында да талай тыңғылықты жұмыс атқарылды. Академия ректоры Алтынай Асылмұратованың бастамасымен маңызды меморандумдарға қол қойылды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ өнері мен мәдениетін дамытуға, өнер саласындағы білікті де білімді маман тәрбиелеу жолында салып жатқан инвестициясы мен көрсетіп жатқан қамқорлығы балет аталатын сұлу да текті өнердің ертеңін кемел етіп, бейнелі би тілі арқылы қазақ атын ғаламға танытады деп сенеміз. Ол ойымызға күні кеше өнер ордасының ресми түрдегі оқушысы атанып, сахна төрінде өнер көрсеткен кездерінде от ойнап, әр қимылынан сенімділік пен сергектікті айқын аңғартқан жас талапкерлердің жастық жалыны мен тасқындалған талпынысы күмәнді иландырды.